

**Бекітемін:**  
**«Әсем» бебекжай**  
**балабақша мәңгерушісі**  
\_\_\_\_\_  
**Ә.Т.Дөнен**

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	<b>«Әсем» бебекжай балабақшасы</b>				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Еркетай» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	<b>Шиналиева Мухаббат</b>				
Жоспардың күрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	12.06. - 16.06.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сарсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<b>Жұма</b>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызыын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл құймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				

<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балалар бірінші құн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшең, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<b>Бөлме өсімдіктерін күту.</b>  Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу, күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу. <b>(еңбек дағдылары)</b>	<b>Аквариумдағы балықты коректендіру.</b>  Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, балықтарға жемді үгітіп, шашып, қамқорлық жасау ниеттерін туғызу. <b>(еңбек дағдылары)</b>	<b>Бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сұрту.</b>  Мақсат-міндеттер: балаларды бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауға мүшіндіктерге аспидистра, фикус тің жалпақ жапырақтарын сұлгімен сұрту техникасына жеткізу; байқағыштыққа тәрбиелеу. <b>(еңбек дағдылары)</b>	<b>Кітаптарды кітап бұрышындағы сорелерге дұрыс орналастыру.</b>  Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан қалғандағы көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <b>(еңбек дағдылары)</b>	<b>Ойыншиқтарды жуу.</b>  Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан қалғандағы көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <b>(еңбек дағдылары)</b>
<b>Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.</b>  Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету	<b>"Қандай ойыншиқ жасырынған?" оыйны.</b>  Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа	<b>"Суретті жұмбақтар" оыйны.</b>  Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту.	<b>Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.</b>  Мақсат-міндеттер: балалардың тақпакты мәнерлеп айтуда деген	<b>"Суретті жұмбақтар" оыйны.</b>  Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту.	<b>Тәрбиеші қораптан</b>

	<p>қабілеттерін дамыту. "Кемпірқосақ".</p> <p>Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты.</p> <p>Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты.</p> <p>Д. Ахметова.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> <p><b>"Баулар" үстел үсті ойны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; ойлау, түйсік қабілеттерін жетілдіру.</p> <p><b>(тәнімдүк дағдылар)</b></p>	<p>үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалар бөлменің бұрышында тұрады.</p> <p>Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады.</p> <p>Балалар теріс қарап көзін жұмады, тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да "болды", деген де балалар жалаушаны іздейді.</p> <p>Тапқан бала жалаушаны тығады.</p> <p>Ойын 2-3 рет қайталанады.</p> <p><b>(дene шынықтыру)</b></p> <p><b>"Жел көбік" ойны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шенберде ойнай білуге дағдыландыру; белгі бойынша қимылдауға баулу.</p>	<p>неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алғып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алғып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды</p> <p><b>(тәнімдүк дағдылар)</b></p> <p><b>"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.</p> <p>Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды</p>	<p>қызығушылығын арттыру; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін дамыту.</p> <p>"Бақа туралы".</p> <p>Жап-жарық жылы күнде,</p> <p>Жап-жасыл шөп үстінде,</p> <p>Жап-жасыл көйлек киген</p> <p>Бақа бізге былай деген:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бадырақпын,</li> <li>Бақылдаймын.</li> </ul> <p>Достарымды Шақырамын.</p> <p>Бақ-бақ!</p> <p>Қайдасындар?!</p> <p>Бақ-бақ! Неге шықпайсындар?!</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>"Қимыл ойлас</b></p>	<p>неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алғып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алғып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру)</b></p> <p><b>"Жел көбік" ойны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шенберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету.</p> <p>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап,</p>
--	--	---	--	---	--

		<p>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.</p> <p>Көпіре гөр көбік-шар,</p> <p>Көпіре гөр кеңіп шар.</p> <p>Осы күйі қал тұрып,</p> <p>Кете көрме жарылып.</p> <p>Өлеңді айта жүріп,</p> <p>балалар шенберді кеңейте түседі.</p> <p>Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын тәмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады.</p> <p>Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады:</p> <p>балалар орындарынан тұрып,</p>	<p>таратып береді.</p> <p>Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек.</p> <p>Тәмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру;</p> <p>жұлдызша құрастыру.</p> <p><b>(тәнімдүк дағдылар)</b></p>	<p><b>табу" ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-тендікті сақтай білуге машиқтандыру, вестибуляр аппаратын, ой-қимлын, есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Балалар шенберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін бастауышы етіп тағайындаиды.</p> <p>Ол шенбердің ортасында тұрады.</p> <p>Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айттып, онға немесе солға жүреді.</p> <p>Әдемі шенберде, Билейік кең жерде.</p> <p>Қолдармен ұстасып, Бәріміз жұптасып.</p> <p>Бірігіп достасып, Бір орында ұстасып,</p>	<p>жақын-жақын дөңгелене тұрады.</p> <p>Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.</p> <p>Көпіре гөр көбік-шар,</p> <p>Көпіре гөр кеңіп шар.</p> <p>Осы күйі қал тұрып,</p> <p>Кете көрме жарылып.</p> <p>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шенберді кеңейте түседі.</p> <p>Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын тәмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан</p>
--	--	--	--	---	--

		<p>кайтадан шеңберге тұрады, ойын қайтадан басталады. <b>(дene шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>		<p>Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастауышы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастауышы ауыстырады немесе ойын бастауыш өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. <b>(дene шынықтыру)</b></p>	<p>дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады. <b>(дene шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>
Таңертенгі жаттығу		<p>"Қуыршақпен ойнаймыз". Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде, 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (Зрет). 3-4 б.қ. Аяқ алшақ, қуыршақ алда, 1-2 денені оңға, солға бұрыу, б.қ. келу. Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау, 1-4 алға енкею - "Қуыршақтар билейді".</p>			

	5-6 б.к. келу (3рет). Б.к. 1-2- отырып құыршақты еденге қою. 3-4 тік тұру, Кұыршақпен онға, солға айналу (2 реттен). <b>(дene шынықтыру)</b>				
<b>Таңғы ас</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстай, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлышты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<b>"Құырмаш" саусаққа арналған жаттығу.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ыргағына сай орындауға дағыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды	<b>"Жұбынды тап" ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: зейінділікке, байқағыштыққа, шапшандыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу. Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан	<b>"Кішкене өзен арқылы" ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-тендікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға, ептілікке баулу; зеректікке тәрбиелеу. Тәрбиеші екі сызық сызды да (үйдің ішінде жілті	<b>"Мұқият бол" ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның	<b>"Катып қал" ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды, ой-қиялды, дene тепе-тендігін дамыту. Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактісіне қозгалады. Кенеттен

	<p>дамыту.</p> <p>Куыр-куыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш.</p> <p>Бас бармақ, Балан үйрек, Ортан терек,</p> <p>Шылдыр шұмек, Кішкене бебек.</p> <p>Сен тұр – қошақанға бар!</p> <p>Сен тұр – құлышаққа бар!</p> <p>Сен тұр – лаққа бар!</p> <p>Сен тұр – бұзауқанға бар!</p> <p>Сен тұр – ботаңа бар!</p> <p>Ал сен алаңдамай, Қазан түбін жалап, үйде жат! <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p>таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбынды тап" белгісі</p> <p>бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады.</p> <p>Балалар саны тақ санға тең келу керек.</p> <p>Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.</p> <p>Құралдары:</p> <p>таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар.</p> <p>Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады. <b>(дене шынықтыру, тәнімдық дағдылар)</b></p>	<p>пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2- 3м, ені 25-30см)</p> <p>салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп ұсынады.</p> <p>Балалардың бір- біріне соқтығыспай тек тақтайдың</p> <p>үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға</p> <p>суга құлап кетпеуі үшін жай жүру керек</p> <p>деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.</p>	<p>қолында 3 сурет: балық, тастан және балдырлар.</p> <p>Тәрбиешінің белгісі бойынша (ыскырық) балалар бір-бірінен кейін шенбер бойымен қозғала бастайды. Педагог кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсетеді:</p> <p>1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шенбер бойымен қолдарын сермен баяу жүгіреді.</p> <p>2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап ottyрады.</p> <p>3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі. Қай бала қателеседі,</p>	<p>әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады. <b>(дене шынықтыру)</b></p>
--	---	--	--	--	--

				сол бала ойыннан шығып қалады. <b>(дene шынықтыру)</b>	
<b>Білім беру үйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Үй құстарына арналған қоршау" Мақсат-міндеттер: Құрылыс материалының формаларын атаяу және біріктіру қабілетін қалыптастыру, өз жобалары бойынша құрылыш жасауға деген ұмтылышты дамыту, қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу.	<b>Дене шынықтырудан ойын-жаттығу</b> "Су - тіршілік көзі" Мақсат-міндеттер: Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында женіл секіру техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау; көлік түрлері туралы білімдерін толықтыру.	<b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Әтеш пен Тоты" украин халық өртегісі Мақсат-міндеттер: Балаларды өртегінің мазмұнын толық өз ойларын жеткізіп айтуда; байланыстыра сөйлеуге үйрету; балалардың бойына өртегі мазмұнын түсіндіріп, адамгершілік, мейірімділік, досқа адал болу сезімін сініру; өртегі кейіпкерлерімен бірге қуану, ренжу сезімдерін ояту; өздерінің құрбы-құрдастарымен адал, тату ойнауға	<b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Құстар қанатын жайды" Мақсат-міндеттер: Алақанмен басу техникасымен таныстыру; бояуды алақанға жылдам жағып, құстың қанатын алақанды бастыру арқылы салуды үйрету; түстердің атауын нақтылау және бекіту; құстардың тіршілік ету ортасын түсініп, бейнелеуге деген ұмтылыштарын қолдау; сурет салуға деген құштарлықтарын арттыру; тиянактылыққа	<b>Музыкадан ойын-жаттығу</b> "Бұлақтың сылдыры" Мақсат-міндеттер: Көнілді әуен арқылы көніл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.

			дағдыландыру; сөздік қорын молайту.	тәрбиелеу.	
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
<b>Серуен</b>	<p><b>Теректі бақылау.</b> (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру.</p> <p><b>Тақпак.</b></p> <p>Жақсылықты қолдаймыз,</p> <p>Табиғатты қорғаймыз.</p> <p>Терек егеміз бақтарға,</p> <p>Айналасын қоршаймыз.</p> <p>- Балалар, бұл терек</p>	<p><b>Суды бақылау.</b> (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалармен суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады.</p> <p>Бақылау барысы: балалардың назарын</p>	<p><b>Қанқызды бақылау.</b> (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қанқызы қоңызы туралы түсініктерді беру, жетілдіру; жәндіктер әлеміне деген қығығушылықты арттыру.</p> <p>- Балалар, біз серуен кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық?</p> <p>- Иә, бұл қанқыз.</p> <p>Қанқыз – қызыл түсті, үстінде жеті нүктесі бар</p>	<p><b>Суды бақылау.</b> (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қыығушылықты арттыру.</p> <p>Іс-тәжірибеде: құйылатыны, төгілетіні, ыдыста, шалшықта қозғалмай тұратынын - анықтау.</p> <p>Салқын, жылы, ыстықта кеүіп кетеді дегенді айтқызу.</p> <p>Іс-тәжірибеде судың</p>	<p><b>Күнді бақылау.</b> (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру.</p> <p>Күнің сәулесі туралы айту.</p> <p><b>Тақпак.</b></p> <p>Алақай, алақай!</p> <p>Күн шықты, күн шықты,</p> <p>Жер үстіне нұр шықты!</p> <p><b>"Көк ту" ойыны.</b></p>

	<p>ағашы. Оған жақындуату.</p> <p>- Терек-тез өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады.</p> <p>Жапырағы - жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті.</p> <p>Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық үшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, женіл, одан қағаз, сіріңке, ойыншықтар жасайды.</p>	<p>судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады.</p> <p>Тоғандағы, өзендері, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету. Үлken балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау.</p> <p><b>Еңбек әрекеті:</b></p>	<p>кішкентай жөндік. Ол кішкентай болса да ештеңеден қорықпайды.</p> <p>Неліктен?</p> <p>- Егер де оны колыңа алып, басып қалсан, олар сап-сары жағымсыз ісі бар уын шығарады. Сол себепті оған құстартиіспейді.</p> <p>Тіпті қызыл тұсті нүктелі зат көрсе болғаны, олар жоламауға тырысады. Міне, қанқызы осылайша қорғанады екен.</p> <p>Қорғанудың тағы бір түрі, оларды ұстап алсан, ол өлген сияқты болып қатып қалады да, қауіп төнбегенін байқаған уақытта қайтадан өзінің ісімен</p> <p><b>Еңбек әрекеті:</b></p>	<p>адамның, өсімдіктердің тіршілігіне ықпалына көніл аудару.</p> <p>Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу.</p> <p>Іс-тәжірибеде суды асфальтқа төгіп, күннің көзінде кебуін бақылату.</p> <p>Балаларға : кеүіп кетеді - дегенді айтқызу.</p> <p><b>Еңбек әрекеті:</b></p> <p>гүлзарда өскен гүлдерді суару.</p> <p><b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p>Мақсаты:</p> <p>балалардың қаралапайым еңбек дағдыларына баулу.</p> <p>Құралдарды: су құйғыштар.</p> <p><b>"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p><b>(dene шынықтыру)</b></p> <p>Ойын мақсаты:</p> <p>айналыса береді.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.</p> <p>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.</p> <p>Әр тудын қорғаушысы болады.</p> <p>Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.</p> <p>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.</p> <p>Екі топтың ортасынан сыйық сыйылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.</p> <p>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай</p>
--	--	--	--	--	--

	<p><b>Еңбек әрекеті:</b> құмсалғышқа құм салу, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуға үйрету. (<b>енбек</b> <b>дағдылары</b>)</p> <p>"Гүлдер мен аралар" қымыл- қозгалыс ойыны. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жүптарға жиналуға және жан- жаққа тараф жүгіруге дағыландыру.</p> <p>Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар.</p> <p><b>"Допты ұстап ал"</b> <b>ойыны.</b> (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға</p>	<p><b>курап қалған</b> <b>шөптерді жинау</b> <b>(тәрбиешінің</b> <b>көмегімен).</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қантар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс.</p> <p><b>"Толқиды теңіз"</b> <b>қымылды ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалар ойын алаңында айналып жүріп:</p> <p>«Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт» - сөз жолдарын</p>	<p><b>Еңбек әрекеті:</b> учаскедегі қоқыстарды жинау. <b>(енбек дағдылары)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету.</p> <p><b>"Қонызды</b> <b>(көбелекті) гүлге</b> <b>қондыр" ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген</p> <p>қызығушылығын арттыру; түстерді ажыратса білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға</p> <p>машықтандыру.</p> <p>Құралдары: түрлі түсті гүлдердің және дәндіктердің</p> <p>кескіндері</p>	<p>қырағылыққа, дәлдікке үйрету. Ойынға қатысуши балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алыска лактырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: Ал ақ сүйекті іздендер, кім тез табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей,</p> <p>тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып</p>	<p>алса, сол топ женіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. <b>"Қағып алмай өт"</b> <b>(кегли) ойын</b> <b>жаттығуы.</b> (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтүге дағыландыру; көз мөлшерін, тепе- тендікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер.</p> <p><b>Еңбек әрекеті:</b> алаңдағы ағаштардан түскен құрқақ қоқыс бұтақтарды жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекқорлыққа</p>
--	---	---	--	---	--

	<p>қызығушылықты арттыру.</p> <p><b>Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.</b> (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: допты аулау және лактыру</p> <p>жаттығулары</p> <p><b>Балалардың еркін ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.</p>	<p>айтады.</p> <p>Тәрбиеші белгісі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозгалмай қалу керек.</p> <p><b>"Әткеншек" қымыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шенберге тұрып, бойымен жүргүре және жүргүре бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, үйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз.</p> <p>Жылдам-жылдам жүгіріп, Шенберді айналдырамыз.</p> <p>Д. Ахметова.</p>	<p>(ламинарталған).</p> <p>Педагог алдын-ала түрлі түсті гүлдердің кескіндерін алаңға шашыратып жайып салады. Балалар өздеріне ұнаган қонызды, көбелекті алып, белгі бойынша түсі бірдей гүлге жүгіріп барып, жәндікті гүлдің үстіне қондырады.</p> <p><b>"Маған қарай жүгір" ойыны.</b> (дене шынықтыру)</p> <p>Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе алаңды жағалай отырады.</p> <p>Тәрбиеші бөлменің қарсы бұрышына немесе алаңның ең алыс бұрышына</p>	<p>жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталауды. Өз бетінше ойынды үйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау.</p> <p><b>Еңбек әрекеті:</b> гүлді күту. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: участкеде өсетін өсімдіктерді өз бетінше қорғауға үйрету; гүлге ұқыпты қарауға және сүюге тәрбиелеу.</p> <p><b>"Осындай бола ма, болмай ма?" ойыны.</b></p>	<p>тәрбиелеу.</p> <p><b>Балалардың еркін ойыны</b></p>
--	--	--	--	---	--

		<p>Педагог барлық балалардың бірынғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жұргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды менгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Эрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылдып жатқанын бақылайды.</p> <p><b>Балалардың еркін ойыны.</b></p> <p>Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын тандауға үйрету.</p>	<p>барып: «Маган қарай жүгіріндер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. Тәрбиеші оларды қолын жайып, ишаратпен қарсы алады.</p> <p>Балалардың бәрі келіп, тәрбиешінің қасына жиналыш болғаннан кейін, ол серуендеуді үсінады. Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін тәрбиешімен бірге бөлме ішінде жүреді.</p> <p>Тәрбиеші бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріндер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады.</p> <p>Ойын осылай 4-5 рет қайталанады.</p> <p>Алғашқы кезде ойынды азғана</p>	<p>Мақсат-міндеттер: сұраққа жауап беруге және жауабын түсіндіруге үйрету.</p> <p>- Балалар, жазда қар жауа ма? Күн шығып түр, жаңбыр жауып түр?</p> <p>Қаранғы және жарық жерде өсіп тұрған өсімдіктерді қадағалау, күнге тартылатын өсімдіктер қозғалысына көзіл бөлу. Өсімдіктер өсу үшін жарық қажет.</p> <p><b>Балалардың еркін ойыны.</b></p>	
--	--	--	---	---	--

			<p>балалар тобымен өткізген дұрыс, кейін ойнаушылардың саны арта түседі (үйлеріне қайтқан кезде балалардың кез-келген орындыққа отыруына болады).</p> <p><b>Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту, бір-біріне итерместен алаңда жүгіру мүмкіндігін жетілдіру.</p> <p><b>Балалардың еркін оійны.</b></p>	
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.			
<b>Түскі ас</b>				
<b>Құндізгі үйқы</b>	Балалардың тыныш үйқысы үшін қолайлыш жағдай жасау.			
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру</b>	Төсектегі жаттығулар. Үйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.			

<b>шаралары</b>	2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Төсектен тұрғызу. <b>(дene шынықтыру)</b>
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p><b>"Оркестр"</b> дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға музикалық аспаптар мен олардың дыбыстарын анықтауға үйрету. Құрал-жабдықтар: барабан, сыйызғы, қоңырау, шымылдық. Тәрбиеші музикалық аспаптармен таныстырады, содан кейін аспаптарды шымылдықтың артына тығады. Аспаптардың бірінде</p> <p><b>"Ненің дауысы?"</b> дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, оларды нақты айтуда үйрету, екпінді дұрыс қою.</p> <p>Тәрбиеші жануарлардың дауыстарын салады.</p> <p>Балалар қай жануардың дауысы екенін табулары қажет. Мысалы, тәрбиеші "ква-ква-ква" деп қатты</p> <p><b>"Қуыршақты шомылдыру"</b> дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: судың маңызы туралы білімдерін толықтыру, жағымды көңіл-күй тудыру.</p> <p>Қуыршақты жылы сумен жуындыру, оларды жөке және сабынмен жуу, сұлгімен сұрту. Енді біз қуыршақтарды шомылдырамыз.</p> <p>Ыңдысқа жылы су құядыз, суды</p> <p><b>"Тәртіпке келтір"</b> дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апару" етістіктерін қолдана отырып сөйлем күрге үйрету.</p> <p>Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы. (Әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар.</p> <p>Тәрбиеші балалардың назарын текшелерге аударады</p> <p><b>"Ыңдыс жуу"</b> дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: суды дұрыс қолдану туралы білімдерін кеңейту. Куыршақтың "түскі асынан" кейін, ыдыстарды жуу керектігін айтту. Ас бөлмесіне барып, кранды ашып, жылы не сұық су қажеттігін сұрау. Біз ыдысты жылы сумен және арнайы құралдарды пайдаланып жуамыз.</p>

	<p>ойнап, балалардан қай аспаптың дыбысы екенін айтуды сұрайды. Қай бала дұрыс табады, сол бала аспапты алады да, сол аспапта ойнайды.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, музика)</b></p> <p>"Үйшік" ертегісін сахналау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілердің кейіпкерлеріне рөлдеріне енуіне жағдай жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды жалғастыру.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p>дауыстап: "Бұл ненің дауысы дейді?</p> <p>Балалар "бақа" деп жауап береді. Содан кейін тәрбиеші басқа жануардың дауысын шығарады. Ойын осылай жалғаса береді.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, музика)</b></p> <p>"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдардың қажеттілігін білуге үйрету, балаларды үқыптылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту:</p> <p>"аурухана", "науқас",</p>	<p>тексереміз. Біздің күршактарымыздың есімдері кім екен?</p> <p>Мынау - Алуа, ал мынау - Алма.</p> <p>Бірінші кімді түсіреміз. Олай болса, Алуаны суға шомылдырайық.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>"Тұрлі-тұсті су" ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: судың қасиетімен таныстыру (су түсін өзгертеді).</p> <p>Құрал-жабдықтар: акварель бояулар, қылқаламдар, 5 мөлдір пластикалық стакандар (болашақта стакандардың саны кез келген болуы мүмкін), су.</p> <p>Стакандар сумен бірге бір қатарда тізіліп тұрады.</p>	<p>және олардың қандай тұс екенін сұрайды.</p> <p>- Енді сендер күршактың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз.</p> <p>(Устелге түрлі-тұсті қораптар койылады)</p> <p>- Құршакқа қараңыз, ол не істейді? (Құршак қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады)</p> <p>- Иә, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады.</p> <p>Бұны құршак жасады?</p> <p>- Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасындар.</p> <p>- Сол сияқты, көк текшени көк қорапқа, жасыл текшени жасыл қорапқа</p>	<p>Ыңдыстарды таза сумен шаямыз.</p> <p>Шайып болғаннан кейін, ас үйдің сүлгісімен құрғатамыз.</p> <p><b>(қоршаган ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>"Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю" тәжірибесі.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсінік беру: "сұйық", "төгіледі", "дымқыл", "құрғақ".</p> <p>Ойын барысы:</p> <p>Тәрбиеші балаларды су құйылған ыдыстың қасына шақырады, Әр балаға бір -бір ыдыстан таратып береді. Бір ыдыстан екінші ыдысқа қалай құю керектігін көрсетеді.</p>
--	--	--	---	--	---

		<p>"емдеу", "дәрі-дәрмектер", "температура" үғымдарын түсіндіру.</p> <p>Құрал-жабдықтар: куыршақтар, ойыншық жануарлар, медициналық құралдар: термометр, шприц, дәрі-дәрмектер, қасық, фонендоскоп, мақта, таңғыш, халат және дәрігерге арналған қалпақ.</p> <p>Тәрбиеші аурухана ойынын ойнауды ұсынады, дәрігер таңдалады, қалған балалар ойыншық жануарлар мен қуыршақтарды алып, ауруханаға дәрігердің қабылдауына келеді.</p> <p>Дәрігер әртүрлі аурулары бар науқастар қарайды:</p>	<p>Балалар қылқаламмен бір түсті алып, стақандағы суға салып, араластырады да, не болғанын бақылайды. Балалар қызығып қарайды.</p> <p>Әр стақанға әр түрлі түстерді салып, балалар тәжірибе жасайды.</p>	<p>салады. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>"Домино", "Лото" үстел үсті ойындары.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ойлау қабілеттерін дамыту, ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізуді қалыптастыру.</p> <p><b>(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Балалар қайталайды. <b>(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>
--	--	---	--	---	---

		<p>аюдың тістері ауырады, өйткені ол көп тәттілерді жейді, сайқымазақтың мандайында жарасы бар, қыршақ Алуда саусағын есікпен қысып алған және т.б. науқастар. Оларды тындайды, мойнын қарайды, температурасын өлшейді, дәрі тағайындаиды, инъекция жасайды, дәрілер береді. Тәрбиеші балалардың ойынын бағалайды, балалар қалай қарым- қатынасқа түсіп жатыр, өз ойларын толық жеткізе ала ма, балаларды жан- жақты бақылайды. <b>(сөйлеуді дамыту,</b> <b>қазақ тілі,</b> <b>қоршаған ортамен</b></p>		
--	--	---	--	--

		<b>тәнистыру)</b>			
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атауға арналған тапсырмалар. <b>(математика негіздері)</b>	<p>Суреттер бойынша сөйлем құрастыруды үйрену. Сөйлемдерді толық айтуда дағдыландыру.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен тәнистыру)</b></p> <p>"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырғын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Бір</p>	<p><b>"Ені бойынша салыстыру"</b> заттарды ені бойынша жаттығу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: жуан-жіңішіке, ұзын-қысқа ұғымдарын пысықтау.</p> <p><b>(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Жаз"</b> тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарастыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: сұрақтар қою, балаларды сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен тәнистыру)</b></p>	<p><b>Жұмбақтар шешу, жаңылтпаштар айтуда кешін откізу.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың қазақ ауыз әдебиетіне деген, көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</b></p>

		құбылысты, оқиғаны немесе өртегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен тансыстыру, қазақ тілі)</b>		
Серуенге дайындық	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету. Таза ауада шынығып, Серуенге шығайық. Киімдерді тез киіп, Ойнап-ойнап алайық.			
Серуен	Тұскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алушы, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>			
Кешкі ас	Тағамның атавын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойндары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; өртегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)</b> Музыкалық аспаптармен ойнандар. <b>(музыка)</b> Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. <b>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)</b> Логикалық ойнандар, басқатырғыштар, санамактар, домино ойнандары. Пысықтау. <b>(математика негіздері)</b>			

тағы басқа әрекеттер)	Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b>	"Жазғы балалар ойындары" туралы кеңес беру.	"Балаларды жазда шынықтыру" тақырыбында кеңес беру.	"Денсаулықты сақтау өмір салты" туралы ата-аналарға арналған кеңес.	Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңестер.	"Баланың демалыс күндерін дұрыс үйимдастыру" тақырыбында кеңес.

Әдіскер: А.А.Сулейменова